

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QFAF2370>

***Ф. Т. Жұмажанова¹, М. С. Кулахметова²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

«ТӘРЖУМАНДАҒЫ» ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІМЕН ЛЕКСИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫНДА

Ана тіліміз түркі тілдеріне тән негізгі белгілерді сақтап қалған. Дегенмен әр тілдің дамуына, ішкі, сыртқы заңдылықтарына байланысты туыс тілдердің бір-бірінен өзгешеленуі заңды. Қандай да бір тілдің өзіндік ерекшелігі, әсіресе, оның сөздік қорынан, синонимдік қатарынан, яғни лексикасынан анық көрінеді. Себебі лексика тіл жүйесінің басқа салаларына қарағанда біршама тез дамиды, әртүрлі экстралингвистикалық факторлар әсерінен үнемі толығып отырады.

Сондай-ақ бір тілде бар сөздердің онымен туыс басқа тілдерде ұшырасуы – заңды құбылыс, мұның түп-тамырын, негізгі себебін ортақ түркілік сөздік қордан іздегеніміз жөн. Бұл тұрғыдан келгенде, күллі түркі жұртшылығына ортақ мұра саналатын орта ғасырларда жарық көрген ескерткіштер материалына жүгінудің берері мол. Осымен байланысты тарихи лексикологияның маңызды міндетінің бірі – өткен дәуірлерден мирас болып қалған жазба ескерткіштер тілін лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу. Бұл мәселе этностың қытшақ халықтарының құрамында болған кезіндегі, әсіресе, қазақ болып қалыптасқанға, яғни ұлттыққа дейінгі кезеңдегі мұралар тіліне қатысты алаңда өткіріле түседі.

Мақалада қазақ тіліндегі туыстық атаулар семантикасы орта ғасырлардағы жазба мұра «Тәржумандағы» нұсқаларымен және қазіргі түркі тілдері материалымен салыстырыла қарастырылған. Олардың пайда болуы, қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды анықтау көзделген. Авторлар түркі тілдеріне қатысты лексикографиялық

дереккөздердегі туыстық атаулардың семантикалық әлеуеті мен мағыналық шеңберін анықтауда танымдық ақпаратқа назар аударған. Түсіндірме сөздіктегі атаулар мағынасы мен олардың күнделікті қарым-қатынас тіліндегі қолданыс ерекшеліктерін зерделеген.

Кілтті сөздер: «Тәржұман», туыстық атаулар, жазба мұра, түркі тілдері, тарихи лексика.

Кіріспе

Түркі мәдениеті тарихында XIII-XIV ғғ. едәуір жетістіктерге қол жеткізілген. Қыпшақ тілін үйрету үшін арнайы жазылған әліпби, грамматикалық трактат, сөздіктер соның айғағы. Олар тіліміздің тарихи даму жолын көрсететін ескерткіш ретінде өте құнды. Бүгінгі тіл ғылымы үшін ондай мұрағаттардың нақты лингвистикалық дереккөз ретіндегі маңызы да зор. Ортағасырлық жәдігерлер тілі Р. Сыздық, Ә. Құрышжанов, А. Ибатов, Б. Әбілқасымов, Б. Сағындықұлы, Ә. Керімов, Р. Досжан, М. Сабыр, С. Боранбай сынды ғалымдарының еңбегіне арқау болған.

Ескерткіштердегі тілдік деректер қазіргі сөздік құрамымыздан біршама айрықшаланады. Дегенмен қазіргі тіліміз бен бабалар тілінің ұқсастығы да көп. Бұған жазба мұра тіліне жасалған семантикалық талдау нәтижелері айғақ болады. Орта ғасыр мұраларында күнделікті тіршілікте қолданылатын зағ атаулары, өмірдің сан қырына қатысты сөздер кеңінен қамтылған. Олардың бір бөлігі қазіргі тіл ұстанушыға бейтаныс болғандықтан, мұндай тілдік материалды қабылдау, түйсіну біршама қиындық тудырады, себебі ескерткіштегі лексика құрамы қазіргі *білім қорына* сай келмейді. Сондай-ақ жәдігерлікте сол дәуірдегі қоғамдық қатынасты айшықтайтын сөздер де көп. Солардың бірі – туыстық атаулар осы зерттеуге нысан ретінде алынып отыр.

Материалдар мен әдістері

Зерттеуде жинақтау, саралау, салыстырмалы-тарихи, лексика-семантикалық, компоненттік талдау әдістері қолданылады.

Түркітануда туыстық қатынасты білдіретін терминдер әртүрлі қырынан қарастырылған. Л. Жолдасбек қазақ сөйленістеріндегі туыстық атауларды [1], Р. Диуанова туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктерін [2] зерделеген.

Жалпы туыстық атаулар барлық тарихи сөздіктерде кездеседі. Ежелгі орыс жазба ескерткіштеріндегі түркілік туыстық атауларды зерттеген А. В. Шабашов «Кірме туыстық атаулардың болуы, халықтың этногенезіне белгілі бір шетелдік этникалық компоненттің қатыстылығын көрсететін белгі» дейді [3, 148-б.]. Туыстық қатынастарды білдіретін сөздер тобының семантикалық шеңбері мен әлеуетіне Л. А. Покровская назар аударған

[4]. Л. А. Гаджиева құмық және түрік тілдеріндегі туыстық терминдерге салыстырмалы талдау жасаған [5]. Автор аталмыш тілдердегі қандық және некелік қатынастарға негізделген атауларды салыстыру арқылы тілдердің генетикалық байланысына қатысты тұжырым жасап, құмық, түрік, басқа да түркі тілдерінің лексика-семантикалық жүйесіне кешенді сипаттама беруге болатынын айтады. А. А. Бурькин алтай тілдеріндегі туыстық терминдер семантикасын бастапқы қалпына келтіріп, түпкі негізін анықтауға талпынса [6, 136–172], Д. Б. Рамазанова алтай тілдеріндегі «экэ» және «ака» лексемаларын арнайы талдаған [7, 175–178]. Түркі тілдеріндегі туыстық атауларға Г. Ж. Өтегенова, А. А. Шойбекова, Н. Ш. Базарбекова сынды зерттеушілер ден қойған [8].

Осы шағын шолудан туыстық атауларға түркітанушылар үнемі қызығушылық танытып келгені байқалады. Алайда бұл тақырыпқа қатысты бар мәселе шешімін тапты деуге ертерек. Әсіресе, түркі тілдерінің белгілі бір тарихи кезеңдегі жай-күйін барынша дәл анықтау үшін ортақ түркілік сөздік қор көрініс тапқан орта ғасыр жазба мұралары материалына зер салудың маңызы зор.

Зерттеу дереккөзі «Тәржұман» ескерткіші XIII ғ. арабтілді тайпаларға қыпшақ тілін үйрету мақсатымен Мысырда жазылған. Мұраны М. Т. Хоусма ғылыми айналымға енгізген [9]. 1970 ж. профессор Ә. Құрышжанов «XIII ғ. ескі қыпшақ жазба ескерткіші «Түркі-араб сөздігінің» лексикасы бойынша зерттеу» еңбегінде [10] сөздікті орыс тіліне аударып, кешенді түрде зерттеген. Еңбекті А. Н. Гаркавец те арнайы зерттеген [11]. Р. Топарлы «Тәржұманды» қазіргі түрік тіліне аударып, әлемдік түркітану саласына танылуына елеулі үлес қосты [12].

Нәтижелер және талқылау

Сөздікте қамтылған тарихи, мәдени, діни, әлеуметтік ұғымдар тарих қойнауында қалғандықтан, оларды білдіретін сөздердің қазіргі оқырманға түсініксіз болуы заңды. Жалпы ғылымда «тілде ешқандай өзгеріс болмайды, өзгертін тек сөзжұмсам, сөйлеу әрекеті ғана» деген тұжырым бар [13, 28]. Алайда мазмұнда орын алған аздаған өзгерістің өзі ізінше сол әлеуметтік топтың сөзжұмсамында көрініс табады, яғни бүкіл тілдік ұжым «басқаша сөйлей» бастайды. Осылайша *сөзжұмсам тілдік жүйедегі* өзгеріске де ықпал етеді. Яғни қоғам өміріндегі кез келген өзгеріс тілдік жүйеде көрініс табады. Сондықтан мәтін өзі жасалған қоғамда басымдық берілген діни, мәдени ұстаным-түсініктер аясында түсіндірілуі тиіс. Осымен байланысты этностың менталды дүниесі, тарихи дамуы жөнінде ақпарат алу үшін орта ғасырлық қоғам мәдениетінен хабар беретін дереккөзді таным елегінен өткізуді мақсат еттік.

Тарихи мәтінге түсіндірме берудегі шешілмеген мәселелердің бірі – *мағынасы көмескіленген не мүлдем ұмытылған атаулар семантикасын анықтау*. Жалпы тарихи туындыға талдау жасағанда тілдік дерекпен бірге, бейгілдік себептерге де назар аудару қажет. Әсіресе, сөз контекстен тыс, жеке ұсынылатындықтан, сөздік материалын талдауда қиындықтар кездеседі. Сондықтан көне мұра тілін зерделегенде сол шығарма жазылған кезеңдегі сыртқы факторлар ықпалын, мәтіннің тілдік, әдеби, тарихи, мәдени мұра ретіндегі маңызына басымдық берілетін дереккөзтанымдық талдаудың мәні зор. Біз XIII ғ. дереккөзі «Тәржұман» материалына жүгінеміз.

Адамдар арасындағы туыстық, басқа да әлеуметтік қатынастарды білдіретін атаулар сөздіктің 25-ші тарауында берілген:

ата - اطا - ата, әке; *ана* - انا - ана; *ачқы* - اچق - *ата қарындаш* - ايشدنراق - әкесінің бірге туған бауыры, көке; *тай* - ايط - *тайға* - اعييت - анасының бірге туған бауыры, ағасы, **таға** (қазір еліміздің оңтүстік өңірінде нағашысын «таға» дейді); *чиче* - اچچي - әкесінің бірге туған қарындасы, әпкесі; *тайажа* - اياي - анасының бірге туған апа-сіңлісі, әпкесі; *қарындаш* - شادنراق - аға, іні; *қыз қарындаш* - شادنراق - қыз қарындас (бір ата-анадан туған) туыс қыз бала; *егечи* - اچالك - әпке; *епчи* - اچча - әпке, **әпше** (бұл атау да оңтүстікте сақталған, жақын әпкесіне, жалпы әйел адамға қатысты қарапқа сөз ретінде жұмсалады); *ивдеи* - شادوي - әйелі, жары /бір үйде тұратын /үйлес/ жары/; *оғул* - اول - ұл; *қыз* - ق - қыз; *келін* - كيل - келін; *күйегу* - كويك - күйеу; *йізне* - انزي - жезде; *йенге* - الكني - женге, жеңеше; *йықыз* - قفي - әйелдерінің бірі; *қайын ата* - اطانقي - қайын ата; *қайын ана* - انانقي - қайын ана/ене; *қайын қарындашлар* - شادنراقني - қайындары, әйелінің туыстары; *йавуқ* - قوي - жақын-жуық, туыстар; *өгей оғлан* - اولكاي - өгей ұл; *өксүс* - سوسك - жетім; *көкүрдеи* - شادركوك - /бір омырау емген, көкірек/ ағасы; *ачынақ* - قانچاپ - балдыз; *ынақ* - قاناي - дост - شادود - дос; *қоншы* - ششونق - қоңсы. Қазақ паремиологиялық қорындағы «Қоныс алма, қоңсы ал» деген мәтелде сақталған бұл атау да еліміздің оңтүстігінде кездеседі.

Ағулдаш - اولشاد - ауылдас, көрші. Бұл сөздің ұжымдық тілдік санамыздағы орны ерекше. Оны тіліміздегі «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген мәтелден көруге болады.

Қонақ - قانق - қонақ; *біліш* - شلب - біліс, таныс. Қазақта «Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс» деген сөз бар; *йат* - طاي - жат, бөтен; *ортақ* - قاترا - ортақ, серіктес; *йолдаш* - شادلوي - жолдас; *үгүр* - زكا - дос. Бір топта жүрген адамдар; достар; бұл сөз жылқы малына да қатысты, яғни: «үйір, табын» мағынасында жұмсалған, қазір де бұл мағына сақталған; *тутқун* - شادشاد - тұтқын.

Ескерткіште мырза//құл, ханым//күнге қатысты атаулар да қамтылған: *қожса* – أَجْحُ – қожайын; *құл* – لُقْ – құл; *шакерд* – ذَرَكْأَشْ – тұтқын-бала; **қатун** – نَوْتَاتِقْ, *елті* – يَتَلْا – қатын/ханым, мырзаның әйелі; *қырнақ* – قَانَرِقْ, *қараваиш* – شَاوَارِقْ, *қарабаш* – شَابَارِقْ, *түге* – الْكُوْتْ – күн, қызметші әйел; *өгіш* – شُكْ – тәрбие [12]. Осылардың ішінен **қатун** сөзінің қазіргі семантикалық аясына, жұмсалымдық ерекшелігіне тоқталамыз: **Қатун** – نَوْتَاتِقْ, *елті* – يَتَلْا – қатын/ханым, мырзаның әйелі.

Академик Ә. Т. Қайдар: «Этнос пен оның тілін этнолингвистикалық тұрғысынан қарастыру... оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысын, дүниетанымы, мәдени, рухани байлығын ана тілімізде сақталған фактілер негізінде зерттеп білу, оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру», – деген болатын [14, 18-22]. Ғалым «қатын» сөзінің этимологиясына қатысты былай дейді: «...атау түбіріне үңілсек, «қат» сөзі *мұқтаж, зәру, тапшы, өте қажет, керек* дегенді білдіреді. «Қатын» байырғы қазақ тілінде «құтым» (бағым, ырысым) деген мағынаны берген. Уақыт өте келе дыбыстар ассимиляциялануы барысында «құтым» сөзі «қатынға» ауысыпты [15, 156].

Тарихи тұрғыдан «қатын» сөзінің дәрежелік атауға ие болғаны анық. «Көне түркі тілі сөздігінде» бұл сөздің «ханым, асыл текті әйел; билеушінің жары» деген мағыналары көрсетілген:

QATUN I 1. Госпожа, вельможная дама, женщина знатного происхождения; жена правителя, знатного человека [16, 436].

«Қазақ тілінің шығу тарихы» атты ұжымдық монографияда да «қатын» лексемасының аталмыш мағынасына бірнеше ескерткіштен мысал келтіріліп, қазіргі тілімізден бір ғана дыбыстық айырмашылығы бар екені айтылған: *узы (қатун~қатын)*.

Қатун. *Қағанның жары, ханым.* ДТД, 51; КТү. 25. **Қатун** йоқ болмыс ерті Тон. 31 (**Қатын** өлген еді) Айд. II, 110. Қазақ тілінде семантикасы жалпыланып, «1. *Ер адамның жары, жәубайы, зайыбы.* 2. *Тұрмысқа шыққан жалпы әйел заты*» семасы актуалданған.

Қатун сөзімен бір контексте қолданылған «**өг**» (*шеше, ана*) сөзі қазіргі кезде түбір күйінде дербес жұмсалмайды: **Өгұм қатун**.

Өг. *Шеше, ана. Өгұм қатун, улайу өглерім, екелерім, келінүнім, күнчүйларым, бунча йеме тірігі күн, болтачы ерті, өлүгі йуртда, йолта йату қалтачы ертігіз (Шешем қатын, оған ілескен аналарым, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім мұнша және күн болар едіңдер, өліктерің жұртта, жолда жатар едіңдер)* Айд. I, 182 [17, 249].

Қазақ тілінде **өгей** лексемасының «туған емес, кейін қосылған, екінші; бөтен» деген семантикасы өзекті, ол негізінен «өгей шеше/әке, өгей ұл/қыз» тіркестерінің құрамында, сондай-ақ біршама жағымсыз реңкте жұмсалады. Белгілі әдебиеттанушы Т. Жұртбай: «Қазіргі қазақ тілінде архаизмге айналған

ұғым, ол әуелгі заңдық құқы мен мағынасы бойынша – дәрежелік атау. Отағасынан кейінгі заңды билік иесі, жерге мұрагерлік ететін, мүлік пен малдың еншілесі, сыбаға басы. Қазақ қоғамындағы қатындар – иерархиялық (әулеттегі) орнына қарай: *бәйбіше, тоқал, құдағи, құдаша, келін, қыз, абысын, ажын, жеңге*, сондай-ақ өзі теңдес еркектермен тең құқықта – *нағашы, жиен, бөле* ретінде әрқайсысы өз орнына қарай билікке араласып, енші алып, тиісті сыбағасын бөліскен. Тіпті күннің де мұрагерлік құқы болған» дейді [18]. Бұдан «қатын» сөзіне қатысты қазақы ұжымдық санада қалыптасқан әлеуметтік аялық білімнің бір қырын көреміз, яғни «қатынның» диахрондық аспектідегі мағынасы қазіргі кезде ресми сипатынан айырылған, тұрмыстық деңгейде ғана жұмсалады, семантикалық аясы барынша тарылған деуге негіз бар: 1. *Жалпы әйел атаулы, ерге тиген әйел. // экспр. жағымсыз. Төменетек, қозамда орны жоқ, үйде даусы жоқ, сөзі өтпейтін әйел.* 2. *Зайып, жар, жұбай. // Қорқақ, сужүрек, еркек емес* [19, 473-476].

Ә. Қайдар «Эвенкі т. катун – «үй иесі әйел», «батырдың, басшының әйелі», эвен т.: хотун – «үй иесі әйел»; неждаль т. катон «ауыл ағасының әйелі». Моңғол т. 1) хатуын – «ақсүйек әйел», бурят т. *хатан* – «ақсүйек әйел», «патша әйелі»; қазіргі моғол т. хатан бурят тіліндегі мағынада қолданылады; қалмақ шахаты – «ақсүйек әйел». Саха т.: хотун – «ақсүйек әйел» мағынасында. Өзбек т.: хотин - әйел. Ескі түркі ескерткіштерінде *катун* – «ақсүйек әйел, текті тұқымнан шыққан әйел, билеушінің, атақты адамның әйелі». Қазақтан басқа түркі тілдерінің көбінде бұл сөз бастапқы *текті* мағынасында қолданылады. Тұңғыс-мәнжүр тілдерінің кейбірінде осы тұңғалас *қатлиқ* немесе *қатлин* сөздері «дос, өмір серігі» деген мағынада түсіндіріледі. Сөйтіп, сөздің алғашқы түбірі – *қат* болар да, тұңғыс тіліндегі мағынасы – «дос, өмір серігі» болса керек», – делінген [15]. Қалай десек те, жалпы әйел затына, жеңге-келінге қарата айтылатын осы сөздің астарында *тектілік* мәні жатыр.

М. Қашқари сөздігінде «Қатын» сөзі – әуелде *хан, бек, төре* мағынасында жұмсалған, біртіндеп ерге шыққан ұрғашы мағынасында пайдаланылған деген дерек бар. Түрік тілінде «Қатын/Хатун» сөзі *ханшайым, ханша* мағынасында жұмсалады. Әйелдерге арналған басылымдар «Өзбекстан қотын-қызлары», «Татарстан қатынлары» деп аталады... Тек қазіргі қазақ сөзжұмсамында бұл сөз теріс мәнге ие болып, жағымсыз сипат алған. Соның салдарынан замандастарымыз «пәленнің қатыны», «нағыз қатын екен» деген сөздерге шамданады, оның орнына «келіншек, әйел» сөзінің қолданылғанын жөн санайды.

Сонымен – «қатын» сөзінің бастапқы мағынасы бүгінгі жұрт ойлағандай *дәрекі, дойыр мінез* деген мағынадан мүлдем алшақ болғанын, керісінше, лауазым атауы ретінде жоғары мәртебені білдіргенін көреміз. Яғни қазір

архаизмге айналған жекелеген сөздерді өткен дәуір ескерткіштерімен салыстыру арқылы біраз жайтты анықтауға болады. Мысалы, көне түркі кезеңіндегі саяси жүйеге сәйкес, мемлекеттік билік иесі **«қаған»**, оның жары **«қатун»** болса, атаулардың сол кездегі ұжымдық санадағы семантикасы да «жоғары, мәртебелі, текті, асқак» сияқты жағымды мәнге бай болған. Уақыт өте келе орын алған түрлі тарихи оқиға, саяси жүйенің өзгеруіне байланысты қазақ қоғамындағы билеуші, тақ иесі «хан» болса, оның зайыбы **«ханым»** атанған.

Зерттеудің теориялық мәні оның жазба мәтінді лингвистикалық дереккөзтану, тарихи лексикология, лингвистикалық семантика тұрғысынан зерделеуге қосатын үлесінен көрінеді. Практикалық маңызы – талданған материалды диахронды зерттеуде, жоғары оқу орындарында оқытылатын «Тарихи грамматика», «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Лингводереккөзтану», «Түркі жазба мұраларының тілі» пәндерін жүргізуде, тарихи сөздіктер құрастыруда қолдануға болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің AP08855781 гранты есебінен қаржыландырылды.

Қорытынды

Жоғарыда баяндалған ой-пікірлерді тұжырымдай келгенде, көне лексика жазба мұралардағы тілдік деректерге негізделеді. Бұл сөздік құрамды ғана емес, тіл иесі халықтың материалдық, рухани мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін басқа да факторларды кешенді түрде зерттеуді қажет етеді. Лексикалық қор этнос тарихымен тығыз байланысты, оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мұрасы.

Қорыта айтқанда, тіл дамуының әр кезеңінде сөздік құрам түрлі деңгейде болады, бір жағынан, жаңа ресурстармен толығып, екінші жағынан, кеміп, азайып жатады. Мұны қолдан реттеу мүмкін емес. Маңыздысы – жазба мұралар арқылы оларда сақталып қалған сол тарихи кезеңдегі тілдік ұжым санасында және жеке тіл ұстанушы, яки автордың сарасанасында қалыптасқан ғалам бейнесін қалпына келтіру мүмкіндігі. Осыны анықтаған кезде дана бабаларымыздың мыңдаған жыл жинақтаған *білім қорындағы* маңызды ақпараттың сырын түсінеміз. Ғасырлар бойы тарих қойнауында жатқан *асыл мұрамызға* қол жеткіземіз. Бұл дербес этнос ретінде табиғатымызды, болмысымызды, ділімізді тереңірек тануға жол ашады. Осындай ұрпақтар арасын жалғайтын дәнекерлік қызметті адамзатқа тарту етілген ең керемет игілік СӨЗ атқарады! Сондықтан жүз жыл бұрын ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлын алаңдатқан «Сөзімізді жоғалту – өзімізді жоғалту» проблемасы әлі күнге өзекті. Оның алдын алудың бір жолы тарихи сөздіктерді

зерттеп, ондағы тілдік материалды ғылыми айналымға және күнделікті сөзжұмсамаға енгізу болмақ.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жолдасбек Л.** Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар: филол. ғ. канд. ... дисс. авторефераты: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 28 б.

2 **Диуанова Р.** Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері: филол. ғ. канд. ... дисс. авторефераты: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 27 б.

3 **Шабашов А. В.** Тюркские термины родства в древнерусских письменных памятниках (до 1480 г.) // Алгебра родства. СПб.: МАЭ РАН, 2012. Вып. 13. – С. 148-158

4 **Покровская Л. А.** Об устойчивости семантической группы слов, обозначающих родственные отношения в тюркских языках // Sprache, Geschichte und Kultur der Altaischen Völker, 2020. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/EKj5w8o>

5 **Гаджиева Л. А.** Сравнительный анализ терминов родства кумыкского и турецкого языков // Известия РГПУ им. А. И. Герцена, 2009. – №106. – С. 132–136. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/wKj60xN>

6 **Бурькин А. А.** Проблемы семантической реконструкции терминов родства в алтайских языках и перспективы реконструкции общеалтайской системы терминов родства // Алгебра родства. СПб.: МАЭ РАН, 2001. Вып. 7. – С. 136-172.

7 **Рамазанова Д. Б.** Термины родства в алтайских языках: экз. ака // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2013. – №5. Ч. 2. – С. 175–178. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/yKkePzQ>

8 **Утегенова Г. Ж., Шойбекова А. А., Базарбекова Н. Ш.** Изучение родственных имен в тюркских языках. // Филологический аспект: Методика преподавания языка и литературы. – 2019. – №4 (4). [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/wKxIRwd>

9 **Houtsma M. Th.** Ein türkisch-arabisches Glossar. – Leiden: Brill, 1894. – 114 p.

10 **Курьшжанов А. К.** Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – 234 с.

11 **Гаркавец А. Н.** Книгаб-и Маджму'-и Тарджуман-и Турки ва 'Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави. – Алматы: Баур, 2019. – 600 с.

12 **Топарlı, R.** Kitāb-ı Mecmū'ı Tercümân-ı Türkî ve 'Acemî ve Muğalî. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2000. – 165 s.

13 **Щерба Л. В.** Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука, 1974. – 428 с

14 **Қайдар Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 18–22

15 **Қайдар Ә.** Ғылымдағы ғұмыр. 6-т. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.

16 Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.

17 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. // Ұжымдық монография, 2-бөлім. – Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. – 348 б.

18 **Жүртбай, Т.** 2016. «Қатын» мен «әйелдің» айырмашылығы неде? [Электронный ресурс]. – URL: <https://cutt.ly/WKxPHCp>

19 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-т. – Алматы, 2011. – 744 б.

References

1 **Zholdasbek L.** Qazaq soilenisterindegi tuystyq ataular [Kinship names in Kazakh speech]: Avtoref. diss. ... kand. philol. nauk: 10.02.02. – Almaty, 1999. – 28 b.

2 **Diuanova R.** Qazaq tilindegi tuystyq ataularдын magynalyq qurylymy men leksikografialyq erekshelikteri [Semantic structure and features of lexicography of related names in the Kazakh language]: Avtoref. diss. ... kand. philol. nauk: 10.02.02. – Almaty, 2010. – 27 b.

3 **Shabashov A. V.** Turckie terminy rodstva v drevnerusskikh pismennykh pamiatnikakh (do 1480). [Turkic terms of kinship in ancient Russian written monuments (before 1480)] // Algebra rodstva. SPb.: MAE RAN, 2012. Vyp. 13. – S. 148-158.

4 **Pokrovskaya L. A.** Ob ustoychivosti semanticheskoi gruppy slov, oboznachaiushikh rodstvennyie otnosheniya v turkiskikh iazykakh [On the stability of the semantic range of words denoting kinship relationships in the Turkic languages] // Sprache, Geschichte und Kultur der Altaischen Völker, 2020. [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/EKj5w8o>

5 **Gadzhieva L. A.** Sravnitelnyi analiz terminov rodstva kumykskogo I turetskogo iazykov [Comparative analysis of kinship terms of the Kumyk and Turkish languages] // Izvestia RGPU im. A. I. Gertsena, 2009. – №106. – 132–136. [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/wKj60xN>

6 **Burykin A. A.** Problemy semanticheskoi rekonstruktsii obshealtaiskoi sistemy terminov rodstva [Problems of Semantic Reconstruction of Kinship Terms in the Altaic Languages and Prospects for the Reconstruction of the All-Altaiic

System of Kinship Terms] // Algebra rodstva. SPb.: MAE RAN, 2001. Vyp. 7. – S. 136-172.

7 **Ramazanova D. B.** Terminy rodstva v altaiskikh iazykakh eke, aka [Terms of kinship in the Altaic languages: eke. Aka] // *Philologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki*. Tambov: Gramota, 2013. – №5., Ch. 2. – S. 175–178. [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/yKkePzQ>

8 **Utegenova G. Zh., Shoibekova A. A., Bazarbekova N. Sh.** Izuchenie rodstvennykh imen v turkskikh iazykakh [The study of related names in Turkic languages] // *Filologicheski aspekt: Metodika prepodavaniya yazyka i literatury*. – 2019. – №4 (4). [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/wKxIRwd>

9 **Houtsma M. Th.** Ein türkisch-arabisches Glossar. – Leiden: Brill, 1894. – 114 p.

10 **Kuryshzhanov A. K.** Issledovanie po leksike starokipchakskogo pismennogo pamiatnika XIII v. “Turkskogo-arabskogo slovaria” [Research on the vocabulary of the old Kipchak written monument of the 13th century “Turkic-Arabic Dictionary”]. – Alma-Ata: Nauka, 1970. – 234 s.

11 **Garkavets A. N.** Kitab-i Majmu‘-i Tarjuman-i Turki va ‘Ajami va Mugali va Farsi. “The summary book of the translator in Turkic, and in Persian, and in Mongolian, and in Farsi” by Khalil bin Muhammad bin Yusuf al-Kunavi. – Almaty: Baur, 2019. – 600 s.

12 **Toparli, R.** Kitāb-ı Mecmū‘ı Tercümân-ı Türki ve ‘Acemî ve Muğalî. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2000. – 165 s.

13 **Shcherba L.V.** Iazykovaia sistema I rechevaia deiatelnost [Language system and speech activity]. L.: Nauka, 1974. – 428 s.

14 **Qaydar A.** Qazaq tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. – Almaty: Ana tili, 1998. – B. 18–22.

15 **Qaydar A.** Gylymdagy gumyr [Life in science]. 6-t. Qazaq tili etymologiasynyn gylymi-theoriyalq negizderi. – Almaty: Sardar, 2014. – 256 b.

16 *Drevnetyurkskiy slovar* [Ancient Turkic dictionary]. – L.: Nauka, 1969. – 676 s.

17 Qazaq tilinin shyǵu tarikhy: Fonetika [The history of the origin of the Kazakh language: Phonetics]. // *Uzhymdyq monografiya, 2-bolim*. – Almaty: «Aldongar» madenietti damytu qory, 2013. – 348 b.

18 **Zhurtbai T.** “Qatyn” men “aieldin aiymashylygy” nede? [What is the “difference” between “wife” and “woman”?]. [Electronic resource]. – URL: <https://cutt.ly/WKxPHCp>

19 Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomdyq. 9-t. – Almaty, 2011. – 744 b.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*Ф. Т. Жұмажанова¹, М. С. Кулахметова²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы;

²Павлодарский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

О ЛЕКСИЧЕСКОЙ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ И ПРАГМАТИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЯХ ТЕРМИНОВ РОДСТВА В «ТАРДЖУМАН» В СРАВНЕНИИ С СОВРЕМЕННЫМИ ТЮРКСКИМИ ЯЗЫКАМИ

Наши родной язык сохранил основные характерные черты, как один из тюркских языков. Однако в связи с внутренними, внешними закономерностями развития каждого языка, даже родственные языки могут отличаться друг от друга. Свообразие того или иного языка особенно ярко проявляется в его словарном запасе, синонимическом ряду, также в лексике. Дело в том, что лексика развивается несколько быстрее, чем другие сферы системы языка, постоянно пополняясь новыми словами под влиянием различных экстралингвистических факторов. Кроме того, совпадение слов, имеющихся в одном языке, с другими родственными языками – закономерное явление, основную причину которого следует искать в общетюркском словарном запасе. В этом смысле можно обратиться к материалу письменного памятника, изданного в средние века, который является общим наследием для всей тюркской общественности. В связи с этим одной из важнейших задач исторической лексикологии является изучение лексико-семантического подхода к языку письменных памятников прошлых эпох. Актуальным этот вопрос становится особенно в отношении языка наследия, написанного в донациональный период, то есть, когда казахский народ еще был в составе кыпчакских народов.

В статье семантика терминов родства рассматривается в сопоставлении с вариантами, употребленными в средневековом письменном наследии «Тарджуман» и материалом современных тюркских языков. Предусмотрено выявление лингвистических и экстралингвистических факторов, способствовавших их возникновению, формированию и развитию. Авторы обратили внимание на познавательную информацию в определении семантического потенциала и смысловых рамок родственных имен в лексикографических источниках, относящихся к тюркским языкам. Изучены значения имен, приведенных в толковых словарях, и особенности их употребления в повседневной речи.

Ключевые слова: «Тарджуман», родственные имена, письменное наследие, тюркские языки, историческая лексика.

*F. Zhumazhanova¹, M. Kulakhmetova²

¹ al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

² Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.22.

ON LEXICAL CONTINUITY AND PRAGMATIC FEATURES OF RELATIONSHIP TERMS IN «TARJUMAN» IN COMPARISON WITH MODERN TURKIC LANGUAGES

Our native language has retained the main characteristic features as one of the Turkish languages. However, due to the internal, external patterns of development of each language, even related languages may differ from each other. The originality of this or that language is especially clearly manifested in its vocabulary, synonyms, as well as in vocabulary. The fact is that vocabulary develops somewhat faster than other areas of the language system, constantly replenishing under the influence of various extralinguistic factors. In addition, the coincidence of words in one language with other related languages is a natural phenomenon, the main reason for which should be sought in the common Turkic vocabulary. In this sense, one can refer to the material of a written monument published in the Middle Ages, which is a common heritage for the entire Turkic community. In this regard, one of the most important tasks of historical lexicology is the study of the lexico-semantic approach to the language of written monuments of past eras. This issue becomes relevant especially in relation to the heritage language written in the pre-national period, that is, when the Kazakh people were still part of the Kypchak peoples.

In the article, the semantics of terms in the Kazakh language is considered in comparison with the variants used in the medieval written heritage «Tarjuman» and the material of modern Turkic languages. Provides for the identification of linguistic and extralinguistic factors that contributed to their emergence, formation and development. The authors drew attention to the learning information in determining the semantic potential and semantic framework of related names in lexicographic sources related to the Turkic languages. The meanings of the names given in the explanatory dictionaries and the peculiarities of their use in the language of everyday communication are studied.

Keywords: «Tarjuman», kinship terms, written heritage, Turkic languages, historical vocabulary.

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz